

А 2009
18587к

Қайсар
ӘЛІМ

7

1 2003/180042

Кайсар



"Фолман" Баспасы
Астана-2007

Қайсар ӘЛІМ

СЕГІЗ ТОМДЫҚ ШЫҒАРМАЛАР ЖИНАҒЫ

7-ТОМ

Өз өрмегім

Күнделік-хикаят



“Фолиант” баспасы
Астана-2007

ББК 84 Қаз 7-4

Ә 55

Ә 55 ӘЛІМ Қайсар
Серіз томдық шығармалар жинағы. — Астана: Фолиант,
2007.
Т.7: Өз өрмегім: Күнделік-хикаят. — 536 бет.

ISBN 9965-35-161-9

Бұл томға Қайсар Әлімнің жүйелі жүргізіп келе жатқан ғұмырнамалық күнделігі "Өз өрмегім" деген атпен оның 60 жылдық мерейтойына (2007 ж.) орайластырып, сұрыпталған күйінде енгізілді.

Әрадамның өмір сүрген ортасы — заман бейнесін сомдайды. Осы тұрғыдан алғанда бұл күнделік-хикаят ХХ ғасырдың алпысыншы жылдарынан бастап, ХХІ ғасырдың алғы кезеңінің (1964-2007 жж.) кескін-келбетін қарапайым қаламгердің өмірі, тағдыры мен талайы бедерінде сүзгіден өткізеді.

Ә $\frac{4702250201}{00(05)-07}$

ББК 84 Қаз 7-4

ISBN 9965-35-161-9 — (Т. 7)
ISBN 9965-35-154-6

© Әлім Қайсар, 2007
© "Фолиант" баспасы, 2007

АРНАУ

Күндеріміз де еңкейер... Махаббат, қызық дәурен де басымыздан ақ жамылғыдай сырғып бір түсер... Бірақ, Сен – бес баламың анасы, Алтын, бұл фәниде көңілімді бір шегермеген, асыл Жар, ұрпағыңа Таңшолпан болып жарқырай берерсің. Дүние кезек: маған Сен – бал ғұмыр сыйласаң, мен Саған – соның ләззатын осы күнделік кітабым арқылы қайырып бергім келеді.

Автор

БЕСТАУ

1964 жыл

Сағынысқан сыныптастар

(1.09.1964 ж.) Иә, бүгін біз ІІ-сыныптың есігін аштық. Бұл біздің мектепке келуіміздің ең соңғы қыркүйегі болмақ. Сондай ертеңгі сағынышты оятып қалған көңіл-күйімізді сабасына түсірген біздер, үш ай бойы ансасқан достар, бір-бірімізді көріп, қуанысып, әзіл-күлкіге шомылдық та кеттік. Сонымен, Бестау мектебінің алғашқы ІІ-сыныбын біз мына төмендегідей балалар құраған едік: Әбішев Токберген, Ахметов Бақытбек, Әмірханов Сартай, Әлімов Қайсар, Мәрденов (кейін Нәбиев) Мереке, Мәлікәждаров Қали, Баязитов Хамит, Қарин (кейін Нұртазин) Жалғас, Сыздықов Мырзағұл, Шақуова Несібелді, Шынбергенова Мәмила және Қабжанова Қизан.

Иә, мектеппен қоштасуымыздың соңғы жылы табысты да қайырлы болғай деп тілейік. Он бір жыл бойы жинаған білімімізді ойдағыдай қорытындылап, өзіміздің, Отанымыздың игілігіне жұмсайтын күн туса, одан өткен бақыт болар ма? Әрине, осындай құлшынысты ізгі тілектер осы он екімізді іштей тебіреніске салып тұрғаны және ақиқат еді. Өйткені, ес біліп, етек жинаған, өршіл өмір толқынына кеуде тосуға жан-жақты әзірленген жас түлектер нендей биік асуға да именбей шығуға тас-түйін қамданыстарын салмақты сөздері мен тас қопарардай тасыған қайрат-жігерінен-ақ аңғартып тұрғандай еді...

— Келесі жылғы қыркүйекте біз осылайша жамырасып көріспейміз-ә! — деп Мырзағұл әсерге бөленіп, көзінің дымқылын көрсеткісі келмегендей сырт айналып кетті.

Біз оған мұная қарап қалыппыз...

— Жә, ұлдар, әй қыздар, сендерге не болды, текке мұнайып, — деп Қизан баршамызға жекіре сөйледі. — Жарқын болашағымыз сағынышпен жалғасып жататын болса, қуануымыз керек қайта оған. Жүнжігендеріңді қойындар, түге. Қане, бір ән шырқап жіберейікші...

Педсовет талқысы

(14.09.1964 ж.) Екі апта оқып, бір ынғайға келіп алған соң, совхоз шаруашылығына бір айлық өндірістік практикаға шықтық. Алғашқы аптада бау-бақша жұмысына жегілдік. Жапырып жібердік білем, енді бізді ауырырақ жұмысқа салуды жөн көріпті. №3 бөлімшеге тарттық. Қарулы жігіттерге шөмеле үйіп, мая тұрғызу не тәйірі. Онда да қарбыта істеп, денемізді ширатып, бұла күшімізді сарқа жұмсағандай болдық. Әрине, шұқып істегендер мұғалім көзінен таса қалмайды. “Әй, әй, Қали-ай, қарымың қайда сенін”, – деп ортамыздағы алаңғасарлау шәкіртін іске қайрай білген мұғаліміміз осындай бір-ақ сөзбен қырсыздарды иліктіріп, озаттарды қара үзіп шабуға икемдей білетін. Мұғалімнің бір ауыз лебізі біз үшін жазылмаған заңдай боп көрінетін. Астарлап айтқан бір ауыз сөзінен мән түйіп, содан-ақ бағыт-бағдарымызды түзеп алуға тырысатынбыз. Бірақ, балалықтың да өзіндік қызығы бар-ау. Қызыл шараптын дәмін татып көремін деген әуестікпен, оны аузын толтырып бір ұрттаған Мереке кәдімгідей масайып, маятүбінде қорете қалсын... Шынайы мастығынан гөрі мас болып көруге деген қызығушылығы бойын балбыратып әкетсе керек. Әрең оятып алғанымыз бар. Сосынғы балалықтың бір кесірі мынау... Практикамыз аяқталуға бір күн қалғанда төзім шіркінді әдейі жұқартқандай болып, дұрысы – сүйкылтым шыққан түскі асқа өкпелеп, “өршіл саяхатшыларға” ұксап бағуға тырысып, 30 шақырымдық жерден мектебімізге жаяулап тартып кетіп едік. Бар пәле – рұқсатсыз кетуіміз еді. Бұл оқиғаның аяғы – завуч Едірес Әлімовтің бізді педсовет талқысына салуымен тәмамдалды.

Спортқа әуестік

(1.10.1964 ж.) Әп, деп ерте тұрып дене шынықтыру жаттығуларын жасай бастағаным биыл үш жыл болып қалыпты. Алғашқы менің спорттық жылым өте жемісті де бола қойған жоқ. Қарапайым жаттығуларды кейде жасап, кейде

мән бермеушілік көп болды. Ұйқы құшағынан босап, бірден гимнастика жасаудың өзі бастапқыда қиынға соғып жүрді.

Ал екінші жылы ше? Бұған алдыңғы жыл көп себін тигізіпті. Танертенгі сағат 7.00-де тұру бір түрлі үйреншікті әдетке айналды. Бірнеше қарапайым жаттығулар жасалынып, штанга көтерілетін болды. Міне, осының бәрі жан сезімді спортқа қарай баули түсті. Әбден үйреніп алған дене танертенгі жаттығу істелмей қалса, құрысып-тырысып көңілсіздік бұлтын үйіретін болды.

Спорттық кітаптар оқуым оған деген ынтамды тіптен күшейтіп, бұл орайдағы міндетімді тіпті күрделілендіруге себепші болды. Сондықтан да шығар, спорттық екінші жылым табысты өтті. Штангадан, волейболдан, футболдан аудандық спартакиадаларға қатысып, орнықты нәтижеге жеттім. Мұның ішінде штанганы бөле-жара айтуға болады. 60 киләні сығымдап, 55 киләні серпе, 75 киләні жұлқа көтеру мүмкін болды.

Спортпен әуестенгеніме үшінші жылға аяқ басты. Бұрын аурушан едім, енді анау-мынау суықты елемей, шыныққандай-мын. Тыныс жолдарым да кит етсе қызуымды көтеріп, төсекке алып ұрмайтын болды. Былтыр туған ауылым Қызбелге жазғы каникулға барғанымда Игілік ағамның: “мынаны кара, бұлшық еттері бөлектеніп қалыпты ғой, ” – деп, танданғаны есімнен кетпейтін боп жүр. Мақсат – разрядтық дәрежеге қол жеткізу.

Алғашқы бокс

(15.10.1964 ж.) Мектеп спорт залының іші. Бөлме электр жарығымен ерекше нұрға бөленген. Жұптасып секендеген спортшы балалар ширақ кимылдайды. Үстерінде – қысқа трусы мен ақ майка.

Иә, бұлар біз едік – жоғары сынып оқушыларымыз. Бокстан 3-разряды бар Жаксылық Әлменов ағайдың қыр сонынан қалмай жүріп, енді бүгін сол бокс өнерінің әліппесін бастаған сынайлымыз. Алғаш шешінгенде суықтан тітіркенген денеміз бір-екі жаттығу жасаған соң ерікке көніп, балқып жүре берді.

Мандайдан шып-шып тер шығып, суық өз қаһарынан айырылғандай. Түрлі спорттық секек жүрістермен әбден қызындық та әдеттегіден тыс бокс тәсілдерін менгеруге кірістік. Менің қарсыласым — 9-Б сыныбының оқушысы Валерий Лапшин болды. Салмағы да, жасы да өзім шамалас еді. Екеуміз бар білетінімізді қолданып бақтық. Боксты тек бүгін ғана игере бастаған ол мені қапыдан соғу былай тұрсын, өз денесін өрен алып жүрді.

Әрине кім де кім туа бола қалмайды ғой. Жүре, көре-біле ысылмай ма? Бүгінгі алғашқы секция бәлкім келешекте талай таланттарға жол ашар, үлкен спорттағы тұсауын кесер. Үміттенген қандай жақсы.

— Мен қазір көрші бөлмеде жүріп жатқан күрес секциясына қатысамын, — деп Жалғас бокстан малшынған терін футболкасымен сүрткілеген күйі сыртқа шығып бара жатты.

— Ауырлау болады, — деген жаттықтырушының сөзіне бұрылып та қарамады. “Жігітке сегіз өнер аздық етеді,” — деуді өмірлік кредосына айналдырған оны бұл бетінен қайтару мүмкін емес еді...

Су толы стақанмен

(17.10.1964 ж.) 11-сынып оқушыларының күшімен спорт кеші болып өтті. Кеш жоспарын 9 ұл ойластырып, қағаз бетіне мен түсірдім. Маған сахнаға бірнеше мәрте шығуға тура келді. Хабарлаушы және спорттық нөмірлерді орындаушы ретінде де. Шүпілдетіп су толтырып алған стаканды мандайыма қойып шалқалай иіліп, акробатикалық өнер көрсеттім. Штанга көтеріп сынаққа түсіп едім, өз есебіміз бойынша 3-разряд нормасына 5 килә (серпе — 80 килә, жұлқа — 60 кг., сығымдап — 60 кг.) жетпей қалды. Сонымен бірге Жалғаспен жұптасып, классикалық күрестің алуан түрлерін көрсеттік.

Көрермендеріміз (арагидік ата-аналар да бар) қошеметтеп қол соғып отырды. “Жақсы спортшылар өсіп шығатын түрі бар ғой”, — деген сөзді құлағымыз шалып қалды. “Еңх, мектебіміздің атын дүркіретіп көпке жайсак” — деген арман сондайда жүрек тепкілейді екен.

Ардагерді құрметтеу

(20.10.1964 ж.) Клуб залы толы адам. Сахна төріндегі төралқа үстелінде бүгінгі біздің тойымыздың иесі – байырғы бақташы, жасы 70-ке келген Бек Бейішов ақсақал отыр.

Салтанатты жиын ашылып, Бекен атамызды құрметтеу басталып кетті. Әр мекемелерден өкілдер келіп, оған тілектестік сөздер айтылып жатыр.

Кеншар кәсіподақ комитетінің төрағасы, жиынды басқарушы Жасар Өтемісов келесі сөз маған берілетінін хабарлады. Мінберге көтеріліп оқыған арнау өлеңім мынау еді:

*Тез-тез өтіп жатыпты,
Бір белеңнен, бір белең.
Талай таңдар атыпты,
Еңбекпенен дүрбелең.
Еңбектің ауыр жолдарын,
Өткеріпті басынан.
Көріп ата қолдарын,
Келмейді кеткің қасынан.
Жылдар, жылдар зуылдап,
Сыйларын тартты атаға.
Жел екеш, жел де суылдап,
Жеткізді қуаныш, жата ма?
Жетпістің шығып үстіне,
Бек ата күле қарайды.
Есіне еңбек түсті ме,
Шолады алтын арайды.
Қуанышты күні бұл,
Атаның шашу төгілген.
Баласының жыры мол,
Шыққан ыстық көңілден.
Көргіміз келеді, Бек ата,
Алтын еңбек – сатыдан,
Көп жасаңыз тек, ата, –
Мектеп оқушылары атынан!*

Бек атаға кеншар атынан қабырға сағаты, мектеп ұжымынан – шапан-шалбар сыйға тартылды. Ән мен күйге кезек берілді.

Төбелескені үшін алғыс

(23.10.1964 ж.) Кезекті бір жастар сауығы клуб ішін данғаза думанға бөктіріп тұр. Аласұрған би желпініп алған, бет қаратпайды. Әлгінде спорт жаттығуынан оралған біздер де бокс қолғабын асынып алып, билеп жүрміз. Сәл тыныстаған шақта қабырғаға сүйеніп, дем алып тұр едім қасыма екі орыс жігіті келіп, иығымдағы қолғапты сұрады. Мен оларға қолғапты кигізіп, төрешілік қызмет етуге бейімделе бастап едім, әлгілердің ойы басқаша болып шықты. Зып беріп сыртқа атыла берді. Біз көп едік, сондарынан дүр көтерілдік. Сескенді білем, танымайтын қызулау жігіттер ішке қайыра кіріп, қолғапты бермей қопанданқырап тұрды.

— Әкел, қолғапты! — деп Жаксымбек біреуіне зіл көрсетіп еді, орыс жігіті әй-шәй жоқ, салсын кеп оны. Төбелес басталды да кетті... Клуб іші опыр-топыр. Сарт-сұрт дарыған, ауа қапқан жұдырықтар... Бокс тәсілін тәуір меңгеріп алған Жалғас масан бұзакыларды талма тұстан періп жіберіп, сұлата салады. Шуды басуға келген учаскелік инспекторды да байқаусызда тартып калып, одан кешірім сұрады.

— Жә, кешірімді қой, мен саған разылықпен рақмет айтуым керек, — деп тәртіп сақшысы оған аса сүйініспен қарады. — Қоғамдық жерде тәртіп бұзған бұларды ертен ауданға жөнелтемін. Ылғи берекені қашырып жүргендерді бұғалықтап бердіңдер. Сендер, бұдан былай менің қолғанаттарым боласындар.

“Төбелесіп, алғыс алған Жалғас”, деп біз оны кейін әзілдейтін болдық.

Сынық шаңғы

(31.12.1964 ж.) Жоғары сынып оқушыларының шаңғыдан 5 шақырымдық қашықтыққа жарысы болып өтті. Күн аяз, бет қаратпайтын жел болғандықтан шығар, бәсеке жолына бесеуіміз ғана шықтық. Олар: 11-сыныптан — Мереке, Сартай және мен, 10-шыдан — Жаксымбек, 8-шіден — Қасымхан. Хайдар ағай қолындағы жалаушаны төмен сермеп калып еді,

бірінші нөмірлі Жақсымбек сырғи жөнелді. Менің кезегім – үшінші.

Жарыстың орта жолында күтпеген оқиға болды. Он аяқ шаңғымның бауы үзіліп, он метрдей жерге ысырылып қалды. Оны байлап, ізге түскенше алдымдағы Жақсымбек көш ілгері ұзап кетті. Бұған қоса шаңғымның табан резеңкесі үзілгендіктен тақтайына қатқан мүйіздей мұз етігімді тайғанактатып, бұлтын-бұлтын етіп, аттауымның өзі қиямет болды. Сонда да жанды салып дегендей, Жақсымбекті қуып жетіп, өзімше атакты шаңғышыларға ұқсап “Лыжня! Лыжня!” деп ескертіп едім, жол беретін ол жоқ. Болмағасын сол жағынан лып етіп, алдына түсіп алдым. Мереке де мені өкшелеп келеді екен, ол да екінші санатқа орнықты. Финишке 100 метрдей қалды. Тағы бір оқыс жағдай... Шаңғымның әлгі бір сыңарының ұшы қарға тіреліп, қайта суырғанда көрдім – қайқы тұмсығы қиылып түсіпті. Өлермендікті қараныз, қикайып құлап түсіп, қайта жолға түскенше соңымдағы Мереке мен Жақсымбек басып озды. Сонда да сынық шаңғымен сызықты үшінші болып қидым. Көрсеткішім – 28 минуттің шамасы. “Мойымау керек!”, – деймін ішімнен қайрала түсіп...

БЕСТАУ – АЛМАТЫ

1965 жыл

Жас тілшінің жүлдесі

(10.02.1965 ж.) “Қазақстан пионері” газетінде азды-көпті мақалаларым шығып, жас тілшілік куәлік алғаным да 2-3 жылдың жүзі болып қалыпты. Осы кезең ішінде газет редакциясынан көптеген ақыл-кеңес, құттықтаулар алдым. Адам бір нәрсеге жанымен беріліп кетсе, сол сүйген ісінен аз да болса жеміс ұшқынын сезсе, ол әркез қанаттанып жүрмей ме. Мен де сондай бір көтеріңкі көңіл-күйде жүрмін. Редакциямен байланысымды күшейте түскім келеді.

Сондай ынталы істің нәтижесі болар, бүгін үлкен қуанышқа кенеліп қалдым. Редакция 1964 жылдың қорытындысы бойынша жүлделер бөлгенде, небары 4 құрметті сыйлықтың біреуі маған бұйырыпты. Осы хабардан соң араға бір аптадай уақыт түскенде 30 сом сыйлық ақша алдым. Иә, балалық қуанышта шек жоқ. Азды-көпті еңбегімді бағалаған редакция алқасына рақметімді айтып, хат жазып жібердім. Бір үшбу хатты Талдықорған облысы, Балқаштың жағасындағы Фрунзе балық колхозында тұратын жас тілші, осы төрт сыйлықтың бірін иемденуші, өзін көрмесем де, жазғандарына сырттай сүйсініп жүретін Жанат Орынбаевқа (Жанат Елшібек – бүгіндері белгілі жазушы, “Егемен Қазақстан” газетінің жауапты хатшысы) жөнелттім. Оны осынау жүлдесімен ыстық құттықтадым да: “Газетке белсене араласа берейік, сонда жүлде қашпас, тілші досым!” – деп, Жанатпен қоса өзімді де қайрай түскендей болдым.

“Бізді жайлаудан іздендер!”

(03.03.1965 ж.) “Қазақстан пионерінің” кезекті санын ашып қалғанымда, Сабыржан Арғынбековтың “Бізді жайлаудан іздендер!” деген мақаласы көзіме оттай басылды. Оның күлімдеп түскен суреті де қоса берілген екен, оны кейін көрдім. Бұл Сабыржан бұрын бізбен сыныптас болатын-ды. Соңғы екі

жылда Торғай мектебіне ауысқан. Сол жақтан Алматыдағы мектеп бітірушілер слетіне барып, шопан болуға үндеген мақаласы ғой әлгі. Қатырып жазыпты. Оқып шыққан сон өзіміз де шопан болып кеткіміз келді. Қасымдағы Мырзағұл ана жылдары сыныпта өлендетіп жүретін Сабыржанның әншілігін айтып бір тамсанды да, оның қойды да қатырып бағатынына күмән келтірмеді.

— Былтыр, күнделігіме Сабыржанның үлкен қаланың концерт залында ән шырқап тұрғанын (ондай жерде өлең айтпаса да) ойша елестетіп отырып жазған едім, — дедім мен әлде бір қиялға беріліп. — Көрмейсің бе, артынан Алматының Абай атындағы опера және балет театрында “Тілей ме орыстар, соғысты” әнін күңіретіп айтқан жоқ па?

Иә, — деді Мырзағұл, — одан көп нәрсе күтуге болады. — Бірақ, шопан боламын дегені несі екен?

— Таланты іште өледі-ау, — дедім мен түніліп.

— Мектептен соң екі жыл еңбекте ысылтып алмақ шығар. Сондай бастама көтеріліп жатыр ғой қазір, — деп Мырзағұл шарасыздық таныта сөйледі.

— Әнші таланттар қой соңында құриды ғой, — деппін мен әлдекімге кіжініп. — Қазақ балаларын қой соңына салып қойғанша, оларды басқа бір кәсіпке баулыса қайтеді...

Төбеме гантель түсті

(10.04.1965 ж.) Күн шапағы енді тарала бастады. Ауыл сырты масатыдай құлпырып, таңғы шық жылт-жылт етеді. Бой жазу жаттығуларын таза ауада жасай бастағанымға бүкіл денем қуанып, құлдыраң қағатындай. Қыс бойғы үй-ішілік жаттығулар әбден мезі етсе керек, бойым қауырсынша лүп-лүп етеді. Осы жазда аудан орталығы Камышнинде өтетін жазғы спартакиаданың думанды шағы көзіме ерте елестеп, қол бұлғап тұрғандай. Соны ойлағанда қимылым да ширыға түседі.

Мектеп намысын қорғау онай емес қой. Осы бастан тырысып жатырмыз. Жалғас, Жаксымбек үшеуіміз 400 метрге жүгіруде біраз ысылып қалдық. Әсіресе Жаксымбектің

нәтижесі тәуір — 1 минут 06 секунд. Ал 8-сынып оқушысы Қасқырбай Құрықбаев 100 метрге жүгірудің шебері болып алды, сөре сызығын 12,9 секундта қиып жүр. Демек, мұндай көрсеткіштермен ауданда алғы орындарды иемденуге мүмкіндік бар секілді. Бірақ қанағат қарын тойғызатынын ескеріп, жаттыққан үстіне жаттыға түсудеміз.

...Кейде абайсыздықтың опық жегізетіні бар ғой. Мырзақұл екеуміз клубтағы биден түн жарымында оралдық та, мен үйге келе салысымен бұрыштағы 3 киләлік гантельді қолыма алып сикыршыдай үйіріп, ойнай бастадым. Жатар кезде бүйтпейтін едім. Неге екенін білмеймін, іштегі бір балалығым асыр салып сыртқа атойлағалы тұрғандай. Бір кезде... Иә, бір кезде гантель төбеме тарс ете қалсын. Отырып қалдым. Көзімнен жас ыршып түсті. Қолыма шодырайған ісік білінді. Содан көпке дейін басым зілденіп, қозғалсам болды, зырқылдап ауырып мазамды алды. Аудандық спартакиадада жүгіруден артта қалдым... Бұл бір мен үшін үлкен сабақ болды. Спорттық құрал-жабдықтардың киесі барын сезіне бастағандаймын. Көтеретін штанга тасын аттап өтпейтін чемпиондар болатынын газеттен оқыған едім. Солардыкі жай емес қой деп түйдім. Әлгі гантельді ретсіз ойыншық қылмағанымда ғой, төбеме түспейтін бе еді...

Соңғы қонырау

(30.05.1965 ж.) Мектеп алаңқайында тізіліп тұрмыз. 11-сынып оқушыларының жүзі ойнақы көрінгенімен, әлдебір мұнды көзқарастары да аңғарылып қалады. Қазір сынғырлайтын соңғы қонырауды тағатсыздана күтетіндей.

— Жүрегім тулайды, — деп Мәмила бетін бұрып әкетеді.

— Құлағымды бітеп алғым кеп тұр, — деп Қали да елжірей қалыпты.

— Соңғы қонырауды жыл бойы сағынып жүріп, енді соны естуге дауаламайтындаймын, — дейді Сартай уақыт тезіне бәрібір көнетініне ерте бастан иліккендей болып.

Ортаға мектеп завучі Едірес Әлімов шықты. Бірден сөйлеп кете алмады. Жұтқыншағын ойнатып, сәл кідірді де:

— Оқу жылы осымен тәмамдалады. Қазір соңғы қоңырау соғылады... Емтиханда табысты болындар... Қоңырау үні жүректеріңді мәңгілік тербесінші, — деп, жыпылықтаған көздерін аспанға қарай алып каша берді.

— Асыл ағамыз-ай, — деп Бакытбек көзілдірігін түзеп қойды. — Әдебиеттің білгішісіз ғой. Өзіңіз катал болғанмен, жүрегіңіз нәзік-ау!

Соңғы қоңырау үні сынғырлай жөнелді. Оған дуылдаған шапалақ сартылы араласты. Күлкі ме, күңірену ме... Әйтеуір, мәре-сәре шақтың айдарынан жел есіп тұрды.

— Біз әлі қоштаспаймыз! — деді Мырзағұл өзгеше бір тебіреніспен. — О, достарым, мына соңғы қоңырау үні әрқашан бізді тербетіп жүрсінші. Бір-бірімізді сағынғанда қоңырау үнімен жұбанайықшы...

Әсерленгіш Мырзағұлға біз, тап осы жолы әзілдеп емес, ойланып қарап қалған едік.

Қайдасың, махаббат!?

(25.06.1965 ж.) Мектеп бітіру кеші болады бүгін. Дайындығымыз жақсы. Үлкен бөлмені көрікті безендіріп, ас жабдығын камсыз етіп қойдық. Жүрек лүпілдейді. Соңғы кезде тіптен әсерленгіш болып кеткендеймін. Журналистік білім алу қалай болмақ? Салық ағам экономикалық мамандық жақсы дейді. Едірес көкем ғана жазу-сызуға ден қойғанымды қалайды. Өзім де осы жағын құлай сүйемін ғой. Алматыға, университеттің журфагына баратын шығармын.

Тағы бір тылсым күш жиі түрткілейтін болып жүр. Б.-тен көңілім қалғандай... Басқа біреудің етегінен ұстап кетті. Алғашқы махаббат деп, күпініп жүргеніме болайын. Кете берсін... Тағы біреуі табылмас деймісің? Алматы бара қалсам, ол жақта қыз дегенін қырғын дейді ғой. Біреуін сүйе қалсам — мүмкін, сол менің алғашқы махаббатым болып есептелер. Бестаудағы Б.-ті алғашқы махаббатқа баларлық не көрініпті сонша? Ұят болса мойындайын, еріні түгілі, бетінен бір сүйіп көрмеппін. Мырзағұлдар болса, жұрттың көзінше-ақ құшақтасып жүр ғой. Ғашықтық хаттарды боратқаны үшін,

сүйісіп тұрғандарын мұғалім көріп қалғаны үшін ол екеуін педсовет талқысына салсын кеп. Талқылау түк әсер еткен жоқ оларға. Қайта, бұрынғыдан да үдете түсті емес пе, тәйірі. Әне – шынайы алғашқы махаббат сондай-ақ болар деймін. Біздікі не? Бір-бірімізге тіке карап, бір ауыз сөз айта алмаймыз. Анадайдан көре қалсақ, бетті басып ұялып, қалтарысқа тығыламыз. Тасада тұрып білдіртпей, сол қыздың жүрісін сырттай қызықтаудан жалықпайтынымды қайтерсің. Сөйтүмен уақытым өте беріпті. Өзімді-өзім алдап жүргенімді кеш ұқтым. Мектеп бітірер тұста ол қыз басқа біреумен жүріп кетті. Сонысы үшін қатты наразы болайын десем, қолымнан келмейді. Бірдеңе айтпақ болып оқталсам, бетімнен отым шығады. Досым Мырзағұлмен онашада ақылдассам, ол жата кеп күледі... Неге күледі? Білмеймін...

Жә, мектеппен қоштасу кеші де өтер. Алматыға да барармын. Спорттың түбін түсіріп, журналистік қамыт та киермін. Жүрегім басқаны да қалар. Менің жақсы көретін қызым міндетті түрде сұлу болуы тиіс қой... Штанга көтеретін бозбаланы қандай бойжеткен ұнатпайды дейсіз... Ол кім екен? Кімді көргім келеді? Білмеймін... Сонда ол алғашқы махаббатым болып есептеле ме? Әлде, қалай? Миым жетпейді.

... Қоштасу кеші басталып та кетті.

“Оң сапар, құлыным!”

(14.07.1965 ж.) Құмшық ауылы. Машина үстінде отырмын. Үркек көжектей бүрсиіп, пәстеніп қалыппын. Бұл – Алматы сапарының басталуы іспетті еді. Чемоданымды көлікке көтерісіп салған Апамның (Бодай анамызды Апа дейміз) жүзі өзгеріп кетіпті. Иегі кемсендеп, көзі жасаурап, ерінін талмай береді. Көз қиығын маған аударғанда, одан тараған кимастық тоғы менің бойымды да дірілдетіп ала жөнелді. Мен Апамды әлден-ақ сағына бастадым. “Әй, апа-ай! Ана жүрегі-ай, десейші. Тек біздер үшін жаралғандайсыздар ғой. Оқуға түсіп кетіп, үмітінді ақтасам, бақытқа бір кенелер едің-ау! Сағынам-ау, қатты сағынам-ау, ертең сені, анашым!” Ойға бұйығып қалған екем, машина гүр етіп от алғанда, Апамды қапсырып құшақтай алдым.

– Он, сапар, құлыным! – деді Апам манағы кемсеңдеуін сап тияп. – Арак ішпе, шылым тартпа! Алла жар болсын!

Машина қозғала берді. Жүрегім үзіліп кетердей дүрсілдей соқты... Апамның қоштасардағы қатулы да мұнды жүзін санама суретке басып алғандаймын. Мәңгі бейнеленіп қалар. “Апа, Апа, мен сенін кенженмін ғой”, деймін Апамның еркелеткенде айтатын тәтті сөзі есіме оралып. Рия женешем де еркелетіп “кенжем” деуші еді. Оның да аппақ жүзін дәл қазір көргім келіп кетті. Ақ женешем менің! Айтуардын ақ сазанын табаға қуырып бергенде, бармағымызды қосып жеп қоятындай едік. Сабыр ағам не күйде екен? Бес кластық біліммен есеп-қисаптын түбін түсіргесін, бас есепшілігін қай жерде де қалап алып жүр емес пе? Керек маманды бір жерге отырғызбайды екен. Ана жакка бір, мына жакка бір құда түсе береді. Апамнан бастап біздер ағамның соңынан еруді ғана білеміз. “Сабыр келіп еді колхозға, есеп жұмысы жолға қойылды,” – деген сөзге мәзбіз. Қазір ағам кеңсесіне барар. Шотын сартылдатып қағар. Шотты көп қакқан сайын үйге көп ақша әкеледі деп ойлайтынбыз кішкене кезімізде. Солай болған да шығар, бәлкім. Әйтпесе, Едірес көкем мен Салық ағама кім диплом әперер еді. Енді менің де жүгім онай болмас... “Ағамның шоты аман болсыншы...” Осы кезде жамбас жағымдағы торсиған нәрсені әдиілеп ұстап басып, байқап қойдым. Бар екен... Ол – ағамның оқуға деп берген ақшасы еді. Түнде апам ақ атластан кішкене дорбаша тігіп, ішіне ақшаны мын қабаттап салып, трусиімнің ышқырына көктеп берген болатын. Шалбарымның сыртынан ұстағанның өзінде қолымды қыздырып жіберетін топ-томпақ нәрсе сол! “Апа, жоғалтпаймын ақшамды” – деген өз сөзімнен өзім селк ете қалып, түзеліңкіреп отырдым.

Сұлу екен Алатау!

(17.07.1965 ж.) Пойыз терезесінен Алатау көрінді. Жолбарыс терісіндей көзге тосын алуан түрлі көрініс көз арбайды. Тау көрмеген даланың баласына шілде ішінде қардан сәукеле киген Алатауды қызықтаудан бетер не бар? Ойша Қызбел тауымен

салыстырсам, Алатаудың қасында ол жай бір төмпешік секілді елестейді. Сонда да “Менің Қызбелім де тау ғой” деп, намыс жыртып қоямын ішімнен. Жә, екі тәулік бойы пойызда тенселген біздерді Алатау лезде тынайтып, серпілтіп жібергендей еді.

— О, Алатау, сәлем бердім саған. Оқуға түсіп, саянда жүрсем арманым жоқ, — деп Мұкатай тауға қарап өреки сөйлеп кетті.

— Тау дегеніннің сиқыры бар шығар, үндемейтінге де тіл бітірді ғой, — деп әзілкеш Танатхан көзін ойнақшытып қойды. Мектеп сахнасында әртістігімен танылған оның әрбір сөзі күлкімен шыланып жататын. — Басқамыз енді құтырынып-ақ кетерміз.

Алты-жеті бала топырлап кеп, Тоқмак көшесіндегі Сайлау ағамыз бен Мақыш женешеміздің үйіне тоқтадық. Жібек әжем бәріміздің бетімізден сүйіп, ауыл көшіп келгендей сезініп, мауқын бір басып алды. Қала кемпірі атанғанына да екі-үш жылдың жүзі болған. Бізді көріп ауылды қатты аңсап кетті білем туыстарды, абысын-ажындарын түстеп сұрап, бір жасап қалғандай. Көзіне келіп қалған жасты да жасырмайды. Тіпті кейбіреуімізді қайталап сүйіп, құшағына басып жібермей жүргені қызық.

Әжем шай қойып берді. Баяғыда, ауылда қолынан айран ішіп, каймақ жеп үйренген берекелі әжеміз емес пе, дастарқандағыны сыпырып-сыырып түгесіп тастадық. Танатхан мені бүйірімнен түртіп қалып, өзі ытқырынып орнынан тұра берді. Өзгелер де дүр көтерілді. Былай шыға ол бәрімізге ескерткендей болып: “әкелеріннің үйіне келгендей бәрін сыпыра соқтындар, қалада тамаққа да әдеп керек, шамаландар бұдан былай қарай” деді де, өз сөзіне өзі сықылықтап, көше аралауға бастай берді бізді.

Үйден шыққанымыз сол еді, бір жас келіншек әлдеқалай көшені таба алмай жүргенін айтып, жөн сұрады. Танатхан бөгелмей қолын сермеп, жөн сілтеген болып жатыр. Келіншек рақметін жаудырып, бұл нұсқаған бағытқа беттеді.

— Мұнын не? Ұят емес пе?— дейміз біз қысылып.

— Е, мен бүгіннен бастап алматылықпын ғой. Көше сұрағанда үндемей қалғаным ұят емес пе? — деп ол жалған намысқа басып тұр.

“Алатау, кешіре гөр, бұл қылығымызды” — деппін мен, тауға көзім түсіп кеткенде...

Дөрекі ойын

(23.07.1965 ж.) Орталық стадионда “Қайрат” (Алматы) — “Карпаты” (Львов) командалары кезекті кездесулерін өткізіп жатыр. 30 мыңдай жанкүйер өнеш жыртып, айқайға басуда. Ләззаттан гөрі, лепірмелік басым. Ашу-ызада шек жоқтай.

— Жанкүйерлер деген осындай бола ма? — деп, Бакытбек төбесінен төне қарап, шылымының тұқылын бетіне сылп еткізіп түкіріп жіберген ақиқөз біреуге ошарыла бұрылды.

— Ақымақ-ау, мына ойынды көрген адам жындынып кетпей ме? — деп әлгі аласұрған жігіт ақырып қалды оған. — Сендей миғұлалар ғана үнсіз отырады мұндайда.

Жан-жағымызға мән беріп қарай бастасак, шынында да футбол алаңында нағыз дөрекі ойын салтанат құрып алыпты. Бірін-бірі әдейі аяқтан шалып құлатып, талма жерден тартып жібереді. Әне, оқтай зулап қақпаға қарай доп ала қашқан біреуін қарсы жақтың өлермені жидесінен тартып тоқтатып, омакаса құлатты. Қайраттық футболшы қарап қалсын ба, карпаттықты тұмсықтан періп жіберді. Әйдә, төбелес... Төрешілер ойынды тоқтатып, төбелесті тыя алмай шала бүлінді. Мұндайда екі жақтың ойыншылары шаптығып, оқиға болған жерге алақөзденіп, білектерін түрініп жетіп келеді екен. Оқыс қимылдарынан өзіміз қорқып, шошындық. Кім біледі, футболшылар жаппай жұдырықтасса, мына 30 мыңды кім тоқтатар? Шетінен бәрі ауыздықтарымен алысып, иықтарын жұлып жеп отыр. Сөйте ме деп, зәре-құтымыз қалмады.

Әйтеуір, Степанов деген еңгезердей қайраттық бар екен, соның маңғаз да шебер қимылына қарап, сабамызға түскендей болдық. Кейде ол карпаттық қарсыласын мысымен басып-ак аяғындағы добын діттеген жеріне дәлме-дәл беріп үлгереді. Оның қапсағай денесі — берік қалқан секілді. Қарсыластары қаймығып тұрады. Дөрекілерге сондай амал да керек шығар, бәлкім.

Алғашқы көрген футболымыздың сыйқы осындай болды. “Дәрекі ойын!” деп басын шайқап, жерге түкірген кәнігі жанкүйерге еліктеп, біз де оның істегенін айнытпай қайталадық.

Бейтаныс қыздар

(5.08.1965 ж.) — Қайсар деген жігіт, сен бе?

ҚазГУ-дың бас корпусындағы хабарландырулар тақтасына көз жүгіртіп тұрғанмын. Сыртымнан айтылған осынау сөзге жалт бұрылып қарасам, бейтаныс екі қыз жымың-жымын етеді.

— Біз сені шырамытып тұрмыз.

— ?

— Дұрыстап қарасаңшы, түрімізге.

Қараймын үңіле. Иығымды көтеремін амалсыз.

— Хаттасып тұрушы едік ... Хат арасына гүл салып жіберетініміз қайда?

Маған саңылау пайда бола бастады. Иә, иә, ақпанда... Талдықорған жақтағы оқушы қыздардан жас тілші — маған хаттар келіп тұратын. Мақалаларым шыққан сайын риза болып хат жазады олар. Бір жолы, иә, ақпанда келген хат ішінен бір тал қызғалдақ шыға келгені бар. Қызық. Шыдамай аэропорт басында, пошта таситын шана үстінде ашқан едім хатты. Солып үлгермеген бір тал гүл үскірік аязда қалтырап, аяушылық сезімді оятты. Ерніме басып, жылы лебіммен еркелетіп те қойғам. Бәтір-ау, сол қыздардың аты кім еді? Балқаштың жағасында тұрмайтын ба еді? Е, таптым...

— Балқаш пен Бибінұр! — деп шаттана дауыстап жібердім. — Күтпеген кездесу болды ғой, бұл. Қалай ғана тани қойдыңдар?

— Иә, біздерміз ғой, — деп екеуі, ал кеп күлсін сықылықтап. — Сені хатпен салған суретіңнен шырамыттық.

— Оқуға түсуге келдіңдер ме? — деймін енді еркінсіп.

— Иә. Екі емтиханды жақсы тапсырдық. — Жүздерінен мақтаныш лебі еседі.

Балқаш ашық қыз екен. Салдырлап ала жөнелді:

— Қазір бәріміз қонақ үйге барамыз. Онда бізді әкем күтіп отыр. Ауылдың дәмін татасын. Жүр...

Қалай бәлсінесің? Бардым. “Қазақстан” деген үлкен қонақ үйдің бір бөлмесі екен.

– Мына жігіт – “Қазақстан пионерінің” тілшісі Қайсар деген.

Балқаштың әкесі құрақ ұшып амандасып жатыр.

– Тілші деген құрметті халық қой, – деп, төрлетуімді өтінді.

Біз жал-жаяға қызыға қарап қойып, сары қымызға дес беріңкіреп, Қостанай мен Талдықорған жақтың жаналықтарын әнгімеге қостық. Көз алдыма ақпан ішіндегі хаттан шыққан бір сабақ гүл көлбендей береді... Мына гүлдей нәзік қыздардың жан-жүрегі де гүлдей сұлу, көркем екендігін ойлап қоямын.

– Ау, тілші жолдас, ойдан арылып, мына бір қазыны алып жіберші... – Балқаштың әкесі мейірімін төге жымыды.

Күйзелу

(13.08.1965 ж.) Бүгін – сәтсіз күн мен үшін. Студенттік атқа құмарлығымның басылған күні. Суша тасыған ақ көңіл кемеріне жетпей жығылып, суынды. Бар үміт, бар мақсатым осынау Алматы көшесінде сөніп кеткендей. Жас жанымның, жас көңілімнің алғаш рет өмір баспалдағын дұрыс баспай, сынсығаны – дәп осы бүгін. Көзіме жас толып, оны көшедегілерден де жасыра алмаппын. Жасырғым да келмепті. Сонау, Алатау шыңының нақ басына менің жап-жас ой-арманымның қанаты талып жете алмай қалған шағы екен бүгін. Неге мен осыншама жайсыз жағдайдамын, неге ғана мені ақ тілеу көтермейді? Қарарға бет, аларға қол қалмаған секілді ғой енді. Асқақтап жүріп, әндетіп келіп, басымды неге тұқырттым? Санқылдай сөйлеп, жарыса шауып күліскен достардан енді ажырап қаламын ба? О, өмір! Сенің осы бір тылсым жұмбағың-ай. Сүнгір ме едім тереніне, бойлар ма едім. Еркін бір құлаш ұрар ма едім, асау толқынына. Әлде, оқудан құлаған баланды мүлде сасай қылып тастадың ба?

Мен үшінші емтихан – неміс тілінен сүріндім. Ауыл мектебінде неміс тілінің онды маманы болмады да, білімнен ада қалдық. Аттестатқа баға жайдан-жай қойыла салды. Бірақ сол салғырттықтың сұрауы Алматыда алдымыздан шықты.

Ондыртпай, омакатып жіберді. Күйзеліс деген осы шығар. Одан қайтіп қайығымды түзей алмақпын? Жылымына тарта берсе, нендей қайран қылмақпын? Уа, өмір, көмектесе гөр! Салық ағам Семиозердан апамды менімен сөйлеттірген еді. “Құлыным-ау, құлап қалсаң ұялма, ауылға келе бер” дейді апам. Ана жүрегі бәрін де кешіреді. Бірақ, мұндай бос, солбыр қалпымды Өмір кешіре ме? Кешірмейді. Ендеше, бел шешіп күресуім керек!

Мен өмірге келгенде не бітірем деп келіп едім? Әрине, бірдемені ойыма ала, арман қуа келген шығармын. Шырылдап жерге түсіп, жөргекке оралғанда қуаныш отын, өмірге деген ғашық сезімімді ала келдім білем, сірә.

Күйзеліп тұрып: “Сені қарауылдап өмір жазған тұр. Ол — қатыгез күзетші. Сақ бол, абай бол әр қадамына!” деппін үлкендерше ой толғап.

Тағдыр мандайға жазды деп, жылай бермесемші...

Ауылға алабұрту

(15.09.1965 ж.) Жатсам, тұрсам да есімнен кетпейтін болды туған ауылым. Оқуға түсе алмай жүдеп жүргендіктен де көңілді жұбату үшін қатты сағынып ойлай берем бе екен? Қайдан білейін. Әйтеуір, көңіл дүрбімді ауыл жаққа бұрып қойып, алабұртып, елге елендеп ұзақ отыратынды шығардым. Ондайда көзім көргіш-ақ. Дәп бір ауылымда жүргендей менің назарымнан еш нәрсе де қалыс қалмайды...

...Әне, ақ кимешекті апам дастарқан басында отыр. Немерелеріне шакпақ қантты түйірлеп үлестіреді. Немере басы Садашқа қойнына жататын болғандықтан өзімсініп, екі түйірін артық тастады. Таба нанның тілімі де оған артықтау бұйырды. Өзгелері — Жомарт пен Нұрбекте көз қиықтарымен сүзгілегеннен өзге дәрмен жоқ. Әже мәзіріне қанағат етіп үйренген. Рия женешемнің шай құйысы қандай. Автомат дерсің, құйып та үлгереді, өзі де шай сораптаудан қалыспайды. Апам мен Сабыр ағама қоюлап, баптап құяды. Қалампырын балалардың кесесіне қалай жібермейтініне таң қаласын. Нағыз әккілік, енесі мен отағасысына ғана жұпар иісті түйірдің бірді-

екісін санап салып отырғандай. Менің Рия жеңешем осындай тәтті шай құя білетін ғажап келін. Оны күллі ауыл іші мақтайды. Аңкылдақ аппақ жеңешем қандай мақтауға да сыятын нағыз сайлы келін. Үлкендерге иіліп сәлем жасағанда беті-жүзі нұрланып, ерекше сұлуланып кетеді. Ақ жаулығынан бір тал шашы шашау шығып көрмеген шығар. Ал менің жеңешемнің шашының бір талы да ағармаған. Сүліктей қап-қара. Кейде кешкісін “апа, шашымды карап берші” деп енесінің алдына еркелей түсіп жантаятыны бар. Енесі де сезімтал кісі, қолына он алты жасында түскен балауса келінін әлі күнге балаша еркелетіп, оның шашына саусақтарын жүгіртіп сықпалай бастайды. Маужырап жата бергісі бар, бірақ ағам “тұрсайшы енді, кісі кеп қалады” деп оны енесінен ажыратып жібереді. Ех, менің басқа женгелерім де керемет қой. Едірес көкем үйіндегі Мәриям, Салық ағам үйіндегі Мәрия ел-жұртқа жағымды келіндер. Оларды мен үнемі мақтан тұтып жүремін. Еркелеуге тоймаймын, еркін сырласамын әрқайсысымен. Дәл қазір сол жеңешелерімнің біреуі кіріп келсе ғой бөлмеме...

Сағыныш деген немене екен, осы? Бұл — ықылас-ынтаның, ыстық сезімнің өте асқынған шағы емес пе екен? Өткен күндерінің жалына байланған өте нәзік қонырау шығар, бәлкім. Бірденені ойлай бастасаң дыз етіп, шылдыр ете қалады. Сағыныш сырын мен осылай түсінемін. Сағыныш — ой ойлатады, арман қуғызады. Алды-артынды безбендетеді. Әлде, сағыныш өмірге не бір әсемдік толқын туғызатын қуатты құрал ма екен?

...Суық ызғар шашқан, ашулы адам жүзіндей қатқыл да көңілсіз әрі күнгірт бөлме ішінде бүрісе түсіп, қағаз бетіне бірденені шимайлаған болып отырмын. Қайбір оңып отыр дейсіз сонда. Ойға қамалыппын. Ашық күнгі ажарлы ой емес, қарыс жерді тұмшалаған тұманды күнгі бұлынғыр ой еді бұл. Күнгірт тұман жер бетін қалай жапса, мына ой менің көңілімді дәл солай тұншықтыра түскен еді.

Сонау туған ауылымның сары алтындай ажары, асыр салған жазиралы бел-белес, ойлы-қырлы табиғат көріністері, сылдарап сұлу ағатын Қоныраулы өзенінің келіскен келбеті, Алматының Алатауына бергісіздеу Қотыр таудың дөн қабағы